

Л.Амирова¹, А.В. Таңжарықова², Г.Б. Тоқшылықова^{3*}

^{1,2,3}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹ amirova_lt_86@mail.ru, ² alua1973@mail.ru, ³ gulnaz_lit75@mail.ru,

ORCID: ¹ 0009-0005-7837-7072, ² 0000-0001-5575-9813, ³ 0000-0002-4116-5042

ӘДЕБИЕТТЕГІ ДЕТАЛЬ ТАБИҒАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында «мәтін коды», «микрообраз», «көркемдік компонент», «стистикалық элемент», «көркем шығарманың кілті» ретінде танылып, аталып жүрген детальді поэтикалық құрылымның маңызды бөлшегі ретінде қарастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Сол себепті бұл мақала қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы детальдің көркемдік қызметі мен табиғатын зерттеп, зерделеу деңгейін анықтауды мақсат етеді. Осы бағытта аталған мәселені қарастырған зерттеуші ғалымдардың еңбектері хронологиялық ретпен жүйеленіп, сараланады. Зерттеу идеясы – көркем шығармада маңызды қызмет атқаратын детальдің (*психологиялық тонды беретін, образ тұтастығын қалыптастыратын*, мәтінді жанды әрі шынайы ететін т.б.) отандық ғылымда өз дәрежесінде зерттеліп, зерделенуіне баға беру. Авторлар деталь ұғымының теориялық негіздерін саралай отырып, оны жан-жақты қарастырған ғалымдар еңбектеріне сараптама жасап, ғылыми пайымдаулар мен байламдардың негізділігін ажыратуға талпынады. Салыстыру, талдау әдістерін пайдалана отырып, деталь теориясын әртүрлі аспектіде қарастырып, ұлттық классификациясын жасап, типологиясын берудің қажеттілігін атап көрсетеді. Соның ішінде ұлттық проза үлгілеріндегі детальдің семантикалық, құрылымдық функциясын зерттеу қажеттілігі айқындалады. Отандық ғылымдағы деталь жөніндегі зерттеу еңбектерді жүйелеп, ғылыми жаңалығы мен ерекшеліктерін ажыратып көрсетіп, жаңаша қырынан қарастыру және сол арқылы детальдік сипаттардың зерделенуі негізінде ұлттық поэтиканың өзгешелігін тануға негіз қалануы жұмыстың теориялық маңыздылығын құраса, қол жеткізген нәтижелердің көркем шығарманы талдауда ізденушілер мен зерттеушілер үшін нақты бағыт-бағдар беріп, қаламгерлердің көркемдік шеберлігін түсініп-танытуда септігін тигізуі практикалық маңыздылығын айқындайды.

Кілт сөздер: деталь, табиғат, қызметі, шеберлік, мәтін, дәлдік

L.T. Amirova¹, A.V. Tanzharikova², G.B. Tokshylykova^{3*}

^{1,2,3}Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹ amirova_lt_86@mail.ru, ² alua1973@mail.ru, ³ gulnaz_lit75@mail.ru,

ORCID: ¹ 0009-0005-7837-7072, ² 0000-0001-5575-9813, ³ 0000-0002-4116-5042

STUDY OF THE NATURE AND FUNCTION OF DETAILS IN LITERATURE

Abstract. In modern literary criticism, it is becoming relevant to consider a detail that is called a “text code,” “micro-image,” “artistic component,” “stylistic element,” “key to a work of art,” as an important part of poetic structure. Therefore, this article is aimed at studying the artistic function and essence of detail in modern Kazakh literary criticism and determining the level of study. In this direction, the works of researchers who have considered this problem are systematized and analyzed in chronological order. The idea of the study is to assess the degree of study and research in Russian science of a detail that plays an important role in a work of art (*setting the psychological tone, forming the integrity of the image, giving the text liveliness and realism, etc.*). The authors analyze the theoretical foundations of the concept of detail, analyze the works of

scientists who have comprehensively considered it, and try to highlight the validity of scientific arguments and connections. Using comparative and analytical methods, the authors examine the theory of detail from different angles, emphasizing the need to create a national classification and typology. In particular, the need to study the semantic and structural function of detail in examples of national prose is emphasized. The theoretical significance of the work is that it systematizes the works on the study of detail in Russian science, highlights their scientific novelty and features, examines them from a new point of view and thereby lays the foundation for understanding the uniqueness of national poetics based on the study of the characteristics of detail. The practical significance of the obtained results is that they provide clear recommendations to students and researchers when analyzing works and contribute to the understanding and development of the artistic skills of writers.

Key words: detail, nature, function, skill, text, precision, research

Л.Т. Амирова¹, А.В. Танжарикова², Г.Б. Токишылыкова^{3*}

^{1,2,3}Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹amirova_lt_86@mail.ru, ²alua1973@mail.ru, ³gulnaz_lit75@mail.ru,

ORCID: ¹0009-0005-7837-7072, ²0000-0001-5575-9813, ³0000-0002-4116-5042

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРИРОДЫ И ФУНКЦИИ ДЕТАЛЕЙ В ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация. В современном литературоведении становится актуальным рассмотрение детали, которую называют «текстовым кодом», «микрообразом», «художественным компонентом», «стилистическим элементом», «ключом к произведению искусства», как важной части поэтической структуры. Поэтому данная статья направлена на изучение художественной функции и сущности детали в современном казахском литературоведении и определение уровня изученности. В данном направлении систематизируются и анализируются в хронологическом порядке труды исследователей, рассматривавших эту проблему. Идея исследования заключается в оценке степени изученности и изученности в отечественной науке детали, играющей важную роль в художественном произведении (*задающей психологический тон, формирующей целостность образа, придающей тексту живость и реалистичность и т.д.*). Авторы анализируют теоретические основы понятия детали, анализируют труды ученых, которые всесторонне его рассматривали, пытаются выделить обоснованность научных аргументов и связей. Используя сравнительный и аналитический методы, авторы рассматривают теорию детали с разных сторон, подчеркивает необходимость создания национальной классификации и типологии. В частности, подчеркивается необходимость изучения семантической и структурной функции детали в образцах национальной прозы. Теоретическая значимость работы состоит в том, что она систематизирует работы по изучению детали в отечественной науке, выделяет их научную новизну и особенности, рассматривает их с новой точки зрения и тем самым закладывает основу для осознания своеобразия национальной поэтики на основе изучения характеристики детали. Практическая значимость полученных результатов заключается в том, что они дают четкие рекомендации студентам и исследователям при анализе произведений и способствуют пониманию и развитию художественного мастерства писателей.

Ключевые слова: деталь, природа, функция, навык, текст, точность, исследование.

1. Кіріспе

Деталь – авторлық шеберлікті айқындап, идеялық ұстанымын жеткізетін, көркем шығарманың құрылысы мен автордың стилі арасындағы байланысты көрсететін микробөлшек. Латын тілінен енген бұл сөз – бөлшек, ұсақ бөлшек деген мағынаны береді. Шағын, ұсақ дүниедей естілгенімен, мәні зор, үлкен мазмұн, идеяны білдіретін, бүкіл шығарманың кілті іспеттес дүние. Зерттеудің басты мақсаты – қазақ

әдебиеттану ғылымындағы көркем детальдың табиғаты мен атқаратын қызметінің зерттелу деңгейін саралау. Академик З.Қабдоловтан бастап деталь теориясы, табиғаты, дәлдігі, көркемдік, идеялық функциясы сынды мәселелер бірқатар зерттеуші ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Бірақ, фольклордан бастап көрініс тауып, дамып келе жатқан детальды түрлі аспектіде зерттеу мәселесі күрделі. Кеңестік кезеңде қолға алынып, санаулы еңбектерде ғана сөз етілген детальдың көп жағдайда бір жақты сипаты ғана талданғаны байқалды. Ол – детальдің көркемдік рөлі, ақын-жазушылар шығармаларындағы атқаратын қызметі, олардың детальды пайдалану ерекшелігі т.б. Орыс филология ғылымындағы детальдың зерттелуіне мән берсек, Е.Добин (көпқырлы детальдың басты қасиеттерін саралап, тип, дәуір заңдылығы, уақыт, тарих, қоғамның қарама-қайшылығы ретінде таниды), В.Путнин (деталь шекарасын анықтауға мән берді), Ю.В.Томашевский (шығармадағы барлық нәрсені детальмен байланыстырды), Л.В.Чернец (деталь түрлерін шығарманың стиліне қарай топтастырды), С.Антонов (деталь – ассоциация тізбегі, көркемдік нақтылық), А.Б.Есин (детальды сыртқы және ішкі (психологиялық) деп екіге бөліп, классификациясын ұсынды; сюжеттік, сипаттамалық (түсіндірмелі), психологиялық сынды типтерін ажыратып көрсетті), В.А.Кухаренко (қызметіне қарай топтастырып, бейнелеу, нақтылау, мінездеу, имплициттік сынды бірнеше типологиясын ажыратты), М.Щеглов (детальді фактілер «жүрегінен» орын алатын негізгі шығармашылық акт ретінде танып, маңызы мен орнын анықтаған), И.А.Жаворонок (деталь қызметінің прагматикасы мен парадигматикасына тоқталып, заттық детальдардың атрибутивтік белгілері көп екендігін айқындайды), А.И.Трубкина (детальдің имплициттілігі мен коммуникативтік-прагматикалық қызметінің өзара детерминациясын анықтады) сынды ғалымдар детальдың көркем туындыдағы рөлін толыққанды ашып көрсеткен. Сонымен бірге бірқатар жазушылар шығармаларындағы детальдың қызметі, қолданылу сипаты, кездесетін деталь түрлерін анықтауға арналған еңбектер шоғыры да қалың.

Қырғыз әдебиеттану ғылымында деталь мәселесі Г.Ж.Билбаеваның еңбегінде қаралып, көрсетілген жылдар өкілінен саналатын қырғыз прозасы шеберлері Т.Сыдыкбеков, Ч.Айтматов, Т.Касымбеков, К.Акматов, М.Мураталиев, М.Гапаровтардың шығармаларындағы деталь қолданысы аясында тарқатылады. Деталь мәселесі қырғыз әдебиеттану ғылымында ең алғаш қарастырылған бұл еңбекте прозадағы көркем детальдардың алатын орны, мәні анықталып, деталь-портрет, деталь-пейзаж, деталь-фразеологизм, деталь-подтекст сынды түрлері ажыратылады (Билбаева, 2010).

Салыстырмалы түрде алып қарағанда, бізге детальдің семантикалық-құрылымдық қызметін зерттеп, типологиясы мен классификациясын жасау керектігі байқалады. Оған қоса, бүгінгі ғылымда мәтіндік талдауға ерекше зейін қойылып, әдеби мәтінді нарратология, семиотика тұрғысынан зерттеу қажеттілігі де өз-өзінен айқындалып келеді (Бьорклюд, 1991; Кост, 1989; Эко, 1999). Осы тұрғыдан алып қарағанда, шығармада үлкен идеяны білдіретін бұл микрообраздың, яғни көркемдік құрылым элементтерінің қызметін анықтау өзекті мәселе ретінде салмақтана түседі. Бүгінгі отандық ғылымдағы деталь табиғатының зерттелуі деңгейін білу арқылы біз деталь

теориясы мен табиғатын саралаудың қай жері кемшін тұсып жатыр, қай тұсын жетілдіру, дамыту керек деген нәрселерге көз жеткіземіз. Әрі алдағы уақытта сол олқылықтың орнын толтыру, зерттеушілердің назарын аудару сынды дүниелер нақтылана, негізделе түседі деп ойлаймыз.

2. Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл зерттеу жұмысының нысаны – отандық әдебиеттану ғылымындағы деталь теориясы мен табиғатын қарастырған ғылыми еңбектерді қамтиды. Деталь теориясы көп еңбекке жүк болмағандықтан, кеңестік кезеңдегі және тәуелсіздік дәуіріндегі зерттеулер толық алынды.

2.1. Зерттеу әдістері

Мақалада тақырыптың өзектілігіне қарай деталь теориясының зерттелуіне шолу жасалып, зерттеуші ғалымдар еңбектерінің ғылыми саралануына басымдық берілді. Осы орайда салыстырмалы талдау, сипаттау, концептуалды, жинақтау әдістері пайдаланылды.

2.2. Материалға сипаттама

Зер сала қарағанда детальды әдеби туындыдағы көркемдік құрал, маңызды компонент ретінде зерттеу XX ғасырдың ортасынан бастап қарқынды дамығаны байқалады. Орыс формалистері (Шкловский, Тынянов) детальды шығарманың құрылымдық элементі ретінде таныса; ғалымдардың келесі легі (Бахтин, Эйхенбаум, Барт, Лотман) символдық, семиотикалық, интертекстуалдылық қызметіне мән берген. Отандық ғалымдар детальды жазушы шеберлігін танытатын әрі кейіпкер психологиясын ашып көрсететін маңызды тәсіл ретінде қарастыра отырып, психологиялық, идеялық-эстетикалық қызметін саралайды. Бұл өз кезегінде детальдың көркем шығармадағы маңызды көркемдік компонент ретінде жүйелі түрде зерттеліп келе жатқанын көрсетеді.

Деталь теориясы мен табиғатын қарастырған ғалымдар еңбектері хронологиялық ретпен қарастырылды. Әр зерттеушінің тақырыпқа қатысты айтылған ой, пікір, ғылыми тұжырымдарының өзектілігі, құндылығы, ғылымға қосқан үлесі сараланды. Сонымен бірге, бірқатар теориялық еңбектер бағдарға алынды. Атап айтқанда отандық ғалымдар З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Н.Джуанышбеков, А.Ісімақова, К.Ахметов, Қ.Жанұзакова зерттеулеріне сүйендік. Деталь табиғаты толыққанды, жан-жақты зерттелгенде шығарма құрылымын қалыптастырудағы рөлі ғана емес, авторлық ұстаным мен ұлттық болмысты ықшам, көркем түрде жеткізудегі маңызы айқындалады деген гипотеза жасауға болады. Рухани көзбен оқыса ғана табылатын (*Пушкин*) детальды табу – қиынның қиыны екенін ескере отырып, оны жаңа қырынан зерделеуге ден қойған ғалымдар еңбектері, ғылыми пайымдаулары жүйеленді.

3. Талқылау

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы детальдың зерттелуі дегенде теоретик ғалым З.Қабдоловтан бастаймыз. Ол детальдың дәлдігі жөнінде: «Дәлдік – шындыққа жанасымдылық. Сөзбен жасалған суретке көз алдыңызда жан бітіп, тіріліп түрегелсе, сіз оны жансыз сурет емес, тура жанды нәрседей қабылдасаңыз, кітап беті қатар түзеген әріп қана емес, қым-қиғаш қимылға айналып кетсе, сіз бұл қимылға енжар қарамай, еліге тербеліп қалсаңыз – детальдың дәлдігі сол!» (Қабдолов, 2006:97)

деген пікірді айтады. Академиктің детальдың дәлдігі мен туындының эстетикалық, эмоциялық әсерін арттырудағы рөлін нақты көрсеткен бұл пікірі бағалы. Дәл берілген деталь – көркем шындықтың тірегі. Шебер қаламгердің бейнелеуіндегі сөзбен жасалған сурет – тірі бейнеге айналғанда, оқырман оны елестетіп қана қоймай, жан-тәнімен сезініп, белгілі бір деңгейде қатысушыға айналады. Яғни, кемел суреткер бақылаушы болып отырған оқырманды эмоциялық деңгейде қатысушыға айналдыра алатынын ғалым терең пайымдаған. Осы арқылы автор дәл берілген деталь оқиға шынайылығын арттырып, көркем шындықтың өмірмен сабақтастығын сипаттайды деген ойды негіздейді.

Деталь дәлдігі жөніндегі осы ойды әрі қарай дамытқан зерттеуші Ш.Әбішева «жазушы характердің бет-әлпет, кейпін жалаң бейнелемей, көбіне сюжеттік желінің өрбуіне үлес қосатын, образдардың табиғатын таныта түсетін, көркемдік логиканы бейнелеуге ең қажетті компоненттер арқылы есте қаларлықтай сипаттар, көркемдік детальдар көмегімен көз алдымызға әкеледі. Деталь дәлдігі әрбір кейіпкердің қасиеті арқылы көрініп отырады. Сыртқы детальдар ішкі күйге себепкер бола отырып, сол сәттегі кейіпкердің ішкі әлеміне кейде тікелей, кейде жанама әсер етеді. Сыртқы детальдар адамның ішкі өмірімен әсерлеспесе, онымен ара қатынасы болмаса, «онда оның ешқандай көркемдік маңызы болмайды» (Әбішева, 2005:108) деген пайымы арқылы детальдың төрт түрлі функциясын көрсеткен. Олар атап айтқанда, деталь образдардың табиғатын ашады, сюжеттік желінің дамуына ықпал етеді, сюжеттің логикасына қызмет етеді, кейіпкердің мінезі мен ішкі әлемін ашып көрсетеді. Ғалым детальды кейіпкердің ішкі жан-дүниесі мен шығарманың сюжеттік дамуына байланысты өзекті құрал ретінде қарастырады. Автор түсінігінде деталь сыртқы сипаттамамен шектеліп, ішкі әлеммен үйлесімділік сақталмаса, онда шығармадағы маңызын жоғалтады.

Ғалым З.Ахметовтың редакторлығымен жарық көрген сөздікте көркем деталь ұғымына: «Көркемдік деталь (бөлшек, бедер-белгі) – мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекеленген сипат-белгілері. Көркемдік детальдар қолдану егжей-тегжейлілікке елігіп, майда-шүйдені жіпке тізгендей тере беру емес, ол әншейінде оп-оңай көзге түсе бермейтін өзгешеліктерді байқағыштықтан, көрегендіктен туындайды, сондықтан ол өмір құбылысының, әртүрлі нәрсенің ерекшелігін, сондай-ақ адамның бойындағы қандай да бір қасиет-сипатты дәл тауып, бейнелеп беру шеберлігін танытады. Кейіпкер мінезіндегі, кескін-келбетіндегі, іс-әрекеті мен сөйлеу мәнеріндегі немесе шығарманың сюжеттік желісіндегі, композициялық құрылысындағы жекеленген ерекшеліктер немесе суреттеменің, баяндаудың дәлдігін, нақтылылығын арттыра түсетін әр түрлі бояу-нақыштар – міне осылардың қай-қайсысын да көркемдік деталь ретінде алып қарауға болады» деп мазмұнды әрі терең анықтама берілген (Ахметов, 1996:195-196). Осылайша автор көркем туындыдағы детальдың қызметін, жазушының шеберлігін ашып көрсетеді. Детальды суреткердің шеберлігін, жазушылық қырағылығын байқататын құрал ретінде тани отырып, үлкен ой, үлкен мағынаны ықшам түрде жеткізетін және шығарманың архитектурасын ғана емес, характердің мінезін, болмысын, сөйлеу мәнерін айқындайтын көркемдік тәсіл пайымдайды.

Қазақ әдебиеттануы ғылымында көркемдік деталь мәселесіне бірқатар ғалымдар назар аударып, мақала, зерттеу еңбектерінде сүбелі, маңызды ойлар айтып отырды. Ғалым Т.Рахымжанов детальдің өрісін кеңейтіп, роман сынды кең көлемді жанрдағы орны мен қызметіне жан-жақты тоқталады. Ұлт жазушыларының детальды тиімді пайдаланатындығына мән береді. Сонымен қатар, мәдени орта мен әлеуметтік жағдайды беруде тұрмыстық детальдің, қазақы дүниетанымды танытуда этнографиялық детальдің, образдың сырт келбеті арқылы ішкі жан-дүниесін ашуда портреттік детальдің қолданысы ерекше екендігіне тоқталады. Ғалым нақтылауында деталь шығарма мазмұнын байытып қана қоймайды, кейіпкер психологиясын тереңінен ашып, жазушының стильдік ерекшелігін тануға қызмет етеді. «Көркем детальға тән бояудың, үннің, қимыл-қозғалыстың, көркемдеуші құралдардың қысқалығы, сараңдығы оның жұтандығы мен кедейлігін танытпайды, керісінше, затты, сөзді нақты суретке айналдыра алатын мол мүмкіншілігін аңғартады. Сондықтан деталь айшықты, көрнекі бірер штрихпен қоғамдық құбылыстарды, өмірлік шындықтарды, адамның жан дүниесін көз алдымызға елестете алатын күдіретті күшке ие» (Рахымжанов, 2002:34).

Детальдің суреткер шеберлігін айқындаушы қуаты да ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. Әдебиеттанушы Қ.Мәдібай сыршыл ақын С.Сейфуллиннің көркем детальді жоғары деңгейде пайдалана білген шеберлігіне нақты әдеби бағасын береді. «Сәкен Сейфуллиннің кілт үзіп, шегініс жасап, ілгері озып отырып баяндау тәсілі, сөзбен сурет салудағы таңдай қақтырып, таңқалдыратын тамаша тәсілдері, сол кезеңнің прозалық шығармаларында сирек ұшырайтын сөйлесу, сөйлету (диалог) үлгілері, адамды сырт тұлғасын киген киім, тұрған тұрыс, жүрген жүрісімен, бір ғана детальға іліктіріп алып ішін аша, мінез-құлқын тұтас тартып отыруы – шығарма арқауын босатпай, шымыр, шиеленістіре ширықтырып өруі, тіл айшық, тіл мүмкіндігінің соншалықты молдығын» (Мәдібай, 2014:24) аңғарып, көркем детальды қолданудағы шеберлігіне тәнті болады. Қ.Мәдібай С.Сейфуллиннің сөзбен сурет салудағы артықшылығына, диалогты көркем қолдануына, баяндау құрылымындағы икемділігіне, сол заман прозасында сирек кездесетін шынайы сөйлесу үлгілерін енгізген жаңашылдығына, мол тілдік ресурсты еркін, ойната отырып пайдаланғандығын аңғарған. Дәл, сәтті табылған бір ғана деталь арқылы шығарма шырайын аша білген жазушылық даралығын дәріптейді.

Детальдың тарихи, мәдени және әлеуметтік мәнін айқындаған Г.Пірәлиева пікірі де көңіл аударарлық: «Детальдар арқылы кейіпкердің қоршаған ортасы, халық тұрмысы шыншылдықпен бейнеленуі және сол дәуірдің мәдени-тарихи, тұрмыстық ерекшеліктері айқындалары хақ» (Пірәлиева, 2003:271). Автор түсінігіндегі көркем деталь – заман тынысын дәл беретін шынайы тірек, мәдени-әлеуметтік тәсіл. Әдебиеттегі әрбір заттық, тұрмыстық, портреттік, этнографиялық деталь – уақыт пен кеңістік континиумының көрінісі. Яғни, деталь жазушы суреттеп отырған заман тынысын дәл беріп қана қоймай, мәдени-тарихи ерекшеліктерін берумен қатар, кейіпкердің өмір сүрген ортасын, дүниетанымын нанымды сипаттауға септігін тигізеді.

Суреткердің қаламгерлік шеберлігін айқындайтын маңызды құрал екендігіне Б.Майтанов: «Көркемдік ғимаратында елеусіз нәрсе жоқ. Егер жазушының әрбір

деталь төңірегіндегі табан аудармай ізденетін қажырлы еңбегін еске алсақ, сөздік композиция бөлшектеріне айрықша мән берудің үлкен маңызын түсіну қиын емес» (Майтанов, 1983:5-6) деп детальдың әдеби шығармадағы орнын, салмағын түсіндіріп береді. Ғалым пайымынша, шығармадағы әрбір бөлшек – композициялық бүтіндік, мағыналық бірлік ролінде. Туындыгер әрбір детальды саналы түрде таңдап, талғап алады. Көркемдік ғимараттың әр сөзі мен бейнесіне жауапкершілікпен қарайтын жазушы үшін артық, елеусіз, керексіз деталь болмайды. Өйткені, жазушы туындысында әрбір бөлшек дәлдік, үйлесім, нақтылық үшін қызмет етіп, тұтас көркемдік жүйе түзеді.

Профессор Ж.Аймұхамбет «Абай поэтологиясы: бейнелілік парадигмасындағы көркем детальдың қызметі» атты зерттеуінде поэтология ұғымына берілген теориялық анықтамаларды сарапқа салып, поэтологияның көркемдік сана мен көркемдік шығармашылық табиғатын тануға негізделген ғылым екенін негізге ала отырып, Абай суреткерлігінің поэтологиялық кеңістігін көркем детальдың бейнелеу қызметі арқылы танытуды мақсат еткен. Нәтижесінде дана ақынның философиялық пайымға құрылған өлеңдеріндегі көркем детальдың нақты, психологиялық, символикалық түрлерін ажыратып көрсетіп, мән-мағынасын зерделейді. Деталь суреткерлік сананың көрінісі екенін негіздейді. Бірнеше өлеңді талдау нысанына ала отырып, ақын туындыларындағы детальдың ой мен сезімді бейнелеудегі ролі, ақынның тың бейнелеулері, өлең мазмұнындағы ұғымдардың мағынасын талдайды. Сол арқылы ерекше шебірлікпен таңдалып, үйлестірілген детальдар – ақын суреткерлігінің көрінісі екенін дәлелдей алған. «Көркем деталь – мәтін түзілімнің әуелгі тетігі, мөлтек бейне. Көркемдік тұтастық жекелеген детальдардан жинақталады. Суреткер өзі бейнелемек әлемнің қыр-сырын, бітім-болмысын танытуда детальға жүгінеді» (Аймұхамбет, 2021:9) деп таныта отырып, детальды көркем шығармашылықтың негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырады.

Суреткердің поэтологиялық кеңістігін айқындау бағытында ғалым Ж.Аймұхамбет «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Тотықұс түсті көбелек», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңдерін зерделеп, ақын мұратын заманауи әдебиеттанудың талабына сай айқындауды міндет етті. Абайдың дүниенің тұрлаусыздығы мен мәңгілік ұғымының өлшемдерін шендестіре отырып, символикалық деталь (тотықұс түсті көбелек, гүл сипатында), психологиялық деталь («басқан із», «көрген қызық», «бұлдыр заман», «көк тұман») түрлерін ажырата отырып, бұл детальдар шығарманың көркемдік-эстетикалық құнын арттырып, рухани мән-маңызын тереңдете түскенін бағамдайды.

С.Айтуғанова өз зерттеуінде детальды – бүтін дүниеге меңзеп тұрар түймедей бөлшек ретінде тани отырып, бір топ жазушы (Б.Майлин «Шұғаның белгісі»; Ғ.Мүсірепов «Кездеспей кеткен бір бейне»; С.Мұратбеков «Жабайы алма», «Жусан исі», «Басында Үшқараның»; Т.Нұрмағамбетов «Дарияның арғы беті») шығармаларындағы детальдың қолданылу ерекшелігін, туындының сыршылдығын, әсерлілігін арттырудағы ұсақ бөлшектер арқылы тұтас құбылысты бере білу қасиетіне талдау жасай отырып, дәйекті тұжырымдар шығарады. Автор әрбір суреткердің шығарманың өн бойында баяндаудың ерекше түрін қолданып, негізгі сюжеттік

мағына мен кейіпкерлерін көрсету үшін түрлі әдіс-амалдарды пайдаланатындығын алға тарта отырып, детальдың психологизмді тереңдететін, символ қызметін атқаратынын, аз сөзге көп мағына сыйғыза отырып, кейіпкер образын, характерін ашуда да ерекше рөл ойнайтынын пайымдайды. Детальға мән берудің өзі автор прозасының басты сипаты деп тани отырып, шебер қиюласқан детальдың күштілігін кейіпкермен тұтасып кеткендей сезімде қалдыратынын, әрі әр детальды қабылдауға оқырманға белгілі бір дәрежеде дайындық керек екендігін тап басып тани білген. Өйткені, детальдың авторлық баяндаудың суретке айналған түйіні секілденіп кететін табиғатын жіті тани білген. Қаламгерлердің деталь арқылы шығармасына арқау болған мәселені ізгілік, адамгершілік тұрғасынан қарастырып, түйін жасайтынын, түрлі «лирикалық-эмоционалды баяндау формалары арқылы идеялық пайым, стильдік өрнектерді шынайы түрде тартыс, характер арналарымен байланыстыра, сабақтастыра отырып, шығарманың өміршендігіндегі тіршілік тынысын жан-жақты бағамдайтынын» (Айтуғанова, 2022:128) айқындаған.

Заманауи қазақ поэзиясындағы көркемдік-бейнелік жүйесінде деталь түзілімінің ерекшелігіне мән берген ғалым Б.Ахмер болды. Ол жаңашыл ішденіске толы мақаласында мәтін құрылымындағы макро және микро детальдарды көрсете отырып, ақындардың философиялық танымы мен психологиялық күйін, эстетикалық ойын жеткізудегі рөлін айқындайды. Өзінің мағыналық-символикалық мәнімен жаңа бейнелеулерге негіз болатын детальдың мәтін өзегі екендігін талдаулар нәтижесінде тұжырымдайды (Ахмер, 2024).

4. Зерттеу нәтижесі

Бірқатар зерттеулерде эпизодтық талдау түрінде көрініс тапқан деталь мәселесі екі ғалым Б.Кабдулов пен Г.Сатылханованың ғылыми диссертациясында арнайы зерттеу нысанына алынған. Б.Кабдулов еңбегіне байыптай қарағанда ғалымның детальдың маңызын көркемдік және философиялық тұрғыда терең әрі дәл сипаттағанын байқаймыз. Оны жай сөзбен емес, образды суреттеумен жеткізіп, оқырман санасына бірден жеткізеді. Яғни, автор ұшқыштың жер көлемі мен сипаты жөніндегі пікірі өзі қараған кішкентай иллюминатордан көргеніндей болса; жазушы да дәл сол сияқты өмір шындығы жайындағы ой-түсінігін өзі ұсынған детальдың көмегімен түсіндіретінін алға тартады (Кабдулов, 1982). Яғни шығармадағы өмір шындығы тұтас сурет, панорама арқылы емес, мән-мағынаға ие ұсақ бөлшектер арқылы танылады. Осы тұрғыдан алғанда деталь – көркем туындыда өмір шындығын жинақтап, бір қауызға сыйдыратын миниатюралық модель деуге болады. Г.Сатылханова өз еңбегінде новелла жанрындағы детальдың көркемдік қызметін анықтап, ғылыми айналымға ендіруді мақсат еткен. Зерттеуші ғылымдағы детальдың зерттелу хронологиясына тоқталып, детальдың негізгі түрлеріне жіктеме жасай отырып, қазақ новеллаларында кездесетін заттық, портреттік, пейзаждық, іс-қимыл және психологиялық деталь түрлерін анықтап, олардың эстетикалық, символикалық-семантикалық, психологиялық-эмоциялық қызметін айқындаған (Сатылханова, 2018). Сонымен бірге, детальдың сюжет құру және кейіпкердің болмысын берудегі маңызына да бойлап, нақты мәтіндік талдаулар негізінде бағамдаған. Автор новелла жанрындағы деталь – әдеби кейіпкердің рухани болмысын терең ашуға мүмкіндік

беретін, кейіпкер психологиясын, әртүрлі мінез қырларын танытатын көркемдік тәсіл екенін негіздей отырып, ақпараттық, символдық, эстетикалық, философиялық қызметін де назардан тыс қалдырмаған.

Деталь табиғаты қарастырылған отандық ғалымдар еңбектерін қарастыра, талдай, саралай келе мынадай мәселелер байқалды:

1. Қазақ ғалымдарының дені детальдың идеялық-көркемдік қызметіне тоқталған. Олар детальды көркем шындықты бейнелеудің тірегі ретінде тани отырып, оның шығармаға өміршең сипат беретін қасиетін анықтаған.

2. Деталь өз кезегінде мекеншақ категориясын бағындыра отырып, идея, авторлық стиль, ұстаным, кейіпкер психологиясын, әлеуметтік қайшылықты ашып беретін көркемдік құрал қызметін атқаратындығын нақтылаған.

3. Шығармашылық иелерінің деталь қолдануындағы ерекшелігін безбендей отырып, зерттеушілер детальдың көркемдік жүйесін жаңа деңгейде; эстетикалық, символдық, эмоционалдық сипатын түсіндіре алған (С.Айтуғанова, Г.Сатылханова т.б.).

4. Деталь мәселесін поэтологиялық кеңістікте қарастыра отырып, бейнелеу қызметі сараланған. Көркем детальды поэтикалық элемент қана емес, мәтін түзудің мағыналық өзегі ретінде танылып, қарастырылуының өзі құнды (Ж.Аймұхамбет). Деталь – поэтикалық тұтастық пен көркем концепцияны танытатын жетекші құрал екендігі ғылыми тұрғыда негізделді.

Нәтижесінде зерттеушілер көркем детальды шығармашылық мақсатта тиімді қолдана білген шеберлігіне талдау жасай отырып, туындыгердің даралығын айшықтайды. Ұтымды детальды табу арқылы кейіпкер болмысын, ішкі психологиясын, мінез-құлқын дәл беріп, образды терең танытумен қатар, көркемдік ойлау жүйесінің биіктігін айқындайтын көрсеткіш екендігін анықтады. Соның ішінде жазушының баяндау құрылымын еркін меңгерген шеберлігін, образдар арасындағы шынайы қарым-қатынасты көркем жеткізе алу нәтижесінде көркемдік қуаты жоғары мәтін туғыза алатындығын бағамдады.

5. Қорытынды

Қазақ әдебиетінде детальдік бейнелеу – ертеден бар тәсіл. Сондықтан классикалық және заманауи көркем туындылардан нақты мысалдар келтіре отырып, оның көркемдік қана емес, мағыналық, символикалық, эстетикалық, психологиялық, интертекстуалдылық, семиотикалық қызметін талдау қажеттілігі артып келеді. Осы айтылып, талданған ғалымдар еңбегіндегі бар дүниенің негізінде әрі қарай тереңдей, індетте зерттеу – біздің міндетіміз. Сол міндетімізге жету үшін детальдың зерттелу тарихына бойлау арқылы біз болашақтағы бағыт-бағдарымызды анықтай алдық десек болады. Бүгінге дейін деталь табиғаты, дәлдігі, әдеби шығармадағы орны мен салмағы таразыланып, жазушылардың детальды пайдалану ерекшелігі, деталь арқылы шығарма шырайын аша білген шеберлігіне баға беру арқылы көркем шығармашылықтың негізгі тетіктерінің бірі ретінде танылып, дәлелденген детальдың көркем шығарма поэтикасындағы орны мен рөлі айтарлықтай, елеулі, маңызды екендігі зерделенді. Қазақ жазушыларының көп жағдайда детальды шығарма идеясын меңзеуден бастап пайдаланып, кейіпкердің психологиясын, шығарма

құрылымындағы, сюжетіндегі өзі үшін ең маңызды сәт, кезең, оқиға, көрініс немесе эпизодқа оқырманның назарын аударуға дейін пайдаланатындығы байқалды.

Деталь табиғатының зерттелуіне қатысты бұл мақала оның көркем мәтіндегі қызметін нақтылап беруі арқылы әдеби талдауға өз кезегінде тың бағыт ұсынып, оқырманның шығарманы еркін интерпретациялауына септігін тигізеді деуге негіз бар. Ұлттық әдебиеттің өзіне тән көркем ерекшелігін ашып көрсету – әдебиеттану ғылымына қосылған үлес.

Әдебиеттер:

1. Аймұхамбет Ж. Абай поэтологиясы: бейнелілік парадигмасындағы көркем детальдың қызметі // *Turkic Studies Journal*. 2021, Volume 36 Number 2. – 7-18 бб.
2. Айтуғанова С. Детальдың көркем туынды құрылымындағы орны // *Мәдени мұра. Ғылыми журнал*. – Нұр-Сұлтан, 2022. №1 (96), 121-130 б.
3. Ахмер Б.Е., Аймұхамбет Ж.Ә., Мирзахметов А.А. Көркем мәтін құрылымындағы детальдің қызметі // *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы*. 2024. №2 (147). – 158-166б.
4. Әбішева Ш.С. Жүсіпбек Аймауытов прозасында диалогті қолдану шеберлігі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2005. – 129 б.
5. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
6. Билбаева Г.Ж. Кыргыз прозасындағы көркем деталдардың атқарған функциясы (60-70жж.). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Бишкек, 2010. – 20 б.
7. Бюрклюд М., Виртанен Т. Нарратив құрылымындағы вариация: қарапайым мәтін мен инновациялық көркем туындыны салыстыру // *Поэтика*. – 1991. – Т. 20, № 4. – 391–403 бб.
8. Кост Д. Нарратив коммуникация ретінде. – Миннеаполис: Миннесота университеті баспасы, 1989. – 370 б.
9. Эко У. Семиотика және тіл философиясы. – Блумингтон; Лондон: Индиана университеті баспасы, 1999. – 279 б.
10. Қабдулов Б. Әдеби көркем шығармадағы көркемдік деталь: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1982. – 150 б.
11. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: "TST-Company", 2006. – 360 б.
12. Майтанов Б.Қ. Көркемдік нәрі: Әдеби-сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 184 б.
13. Мәдібай Қ.Қ. Көркемдік кеңістігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 215 б.
14. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
15. Сатылханова Г., Танжарикова А., Тоқшылықова Г. Қазақ прозасындағы көркем детальдің көркемдік қызметі // *Orisón*. – 2018. – 34-жыл, арнайы № 15. – 1265–1294 бб. – ISSN 1012-1587; eISSN 2477-9385.
16. Рахымжанов Т. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері // *Дер шағындағы дарын*. – Алматы, 2002. – 231 б.

References:

1. Aimukhambet Zh. (2021) Abay poetologyasi: beinelik paradigmsyndagy korkem detailyn kyzmeti // *Turkic Studies Journal*. Volume 36 Number 2. – 7-18 bb. (in Kaz).
2. Aytuganova S. (2022) Detaldyn korkem tuyndy kurylymyndagy orny // *Madeni mura. Gylymi jurnal*. -Nur-Sultan. No. 1 (96), 121-130b. (in Kaz).

3. Akhmer B., Aimukhambet Zh., Mirzakhmetov A. (2024) Korkem matin kurylymyndagy detalidin kyzmeti // L.Gumilyov atyndagy Eurasia Ulttyk universityin Khabarshysy. Philology seriesi. No 2 (147). – 158-166b. (in Kaz).
4. Abisheva Sh.S. (2005) Zhusipbek Aimauytov prozasynda dialogti koldanu sheberligi. Philology gylymdarynyn kandidati gylymi derezhesin alu ushin dayyndalghan dissertacif. – Almaty. – 129b. (in Kaz).
5. Adebiettanu terminderiniń sozdigi. (1996) Kurast. Z.Akhmetov, T.Shanbaev. – Almaty: Ana Tili. – 240b. (in Kaz).
6. Bilbaeva G.Zh. (2010) Kyrgyz prozasyndagy korkom detailardyn atkargan funktiisiy (60-70zh.). Philology gylymdarynyn candidates gylymi derezhesin alu ushin dayyndalghan dissertation abstracts. – Bishkek. – 20 b. (in Kirg).
7. Bjorklund M., Virtanen T. (1991) Variation in Narrative Structure: A Simple Text vs. an Innovative Work of Art // Poetics. -V. 20. №4. – Pp. 391-403. (in Eng).
8. Coste D. (1989) Narrative as Communication. Minneapolis: Univ. of Minnesota Press. – 370 p. (in Eng).
9. Eco U. (1999) Semiotics and the Philosophy of Language. Bloomington -L.: Indiana Univ. Press. – 279 p. (in Eng).
10. Kابدulov B. (1982) Khudozhestvennaya detal' v literaturnom ispolnenii. dis. kand. filol. nauk: 10.01.02. – Almaty. –150 p. (in Rus).
11. Kابدolov Z. (2006) Soz Oneri. – Almaty: "TST-Company". – 360 b. (in Kaz).
12. Maytanov B.K. (1983) Korkemdik nari: Adebis the son of makalalar. – Almaty: Zhazushy. – 184 b. (in Kaz).
13. Madibay K.K. (2014) Korkemdik kenistigi. – Almaty: Kazakh Universities. – 215 b. (in Kaz).
14. Piraliyeva G. (2003) Korkem prozadagi psychologiznin keibir maseleleri (Tus koru, beiverbaldi isharattar, isharattar, zattyk alem). Monographia. – Almaty: Alash. – 328 b. (in Kaz).
15. Satylkhanova G., Tanzharikova A., Tokshylykova G. (2018) Artistic function of detail in Kazakh prose. Opción, Año 34, Especial No.15: 1265-1294 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. (in Eng).
16. Rakhymzhanov T. (2002) Adebiettanudyn ozekti maseleleri // Der shagyndagy daryn. – Almaty. – 231 b. (in Kaz).